

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 25 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6            ж ы л ғ ы            6            қ а ң т а р д а ғ ы

N            2 5            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
2. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 45, 230-құжат):  
көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы "Оқжетпес" санаторийі Көкшетау облысы, Бурабай поселкесі" деген жол алынып тасталсын;  
көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:  
"Оқжетпес" санаторийі" АҚ".
3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік улестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):  
көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен улестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:  
"Ақмола облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-9-жолмен толықтырылсын:  
"13-9 "Оқжетпес" санаторийі АҚ";

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-67, 21-68, 21-69 - жолдармен толықтырылсын:

"21-67 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сақшы-На страже" Ж Ш С

21-68 "Өрт сөндіруші" АҚ

21-69 "Өндірістік-пайдалану кәсіпорны" ЖШС";

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-101-жолмен толықтырылсын:

"123-101 "Алматы протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ";

"Шығыс Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 165-11-жолмен толықтырылсын:

"165-11 "Семей протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ";

"Солтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 280-4 - жолмен толықтырылсын:

"280-4 "Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ".

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-4-жолмен толықтырылсын:

"20-4 "Өндірістік-пайдалану кәсіпорны" ЖШС";

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы 217-9-жолмен толықтырылсын:

"217-9 АЛА-005430 "Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" А Қ " ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 238-9-жолмен толықтырылсын:

"238-9 "Оқжетпес" санаторий" АҚ";

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 266-5-жолмен толықтырылсын:

"266-6 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сақшы-На страже" Ж Ш С " ;

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 279-2, 279-3, 279-4-жолдармен толықтырылсын:

"279-2 "Алматы протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ  
279-3 "Семей протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ  
279-4 "Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы" АҚ";  
мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетіне"  
296 "Өрт сөндіруші" АҚ".

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.
6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.
7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.